

НАШЕЙ ОСНОВНОЙ ЦЕЛЬЮ ЯВЛЯЕТСЯ СОХРАНЕНИЕ ОБЩЕГО МИРОВОГО ГРУЗОПОТОКА. ПОМИМО СУЩЕСТВУЮЩИХ ТРАДИЦИОННЫХ ПУТЕЙ ДОСТАВОК МЫ ЗАИНТЕРЕСОВАНЫ В НАЛАЖИВАНИИ АЛЬТЕРНАТИВНЫХ МАРШРУТОВ, КОТОРЫЕ МОГУТ СОХРАНИТЬ НАШИ ТРАНСПОРТНЫЕ ПЕРСПЕКТИВЫ ПО ДОСТАВКЕ КАЗАХСТАНСКИХ ТОВАРОВ НА ЭКСПОРТ С УЧЕТОМ ТЕКУЩЕЙ КОНЪЮНКТУРЫ РЫНКА И БУДУТ СПОСОБСТВОВАТЬ РАЗВИТИЮ ПЕРЕВОЗОК В ЕВРОПУ, ВКЛЮЧАЯ ЛИТВУ.



Берик КАМАЛИЕВ,  
вице-министр индустрии и инфраструктурного развития РК



№27 (2742)  
15/04/2022

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## СЕНІМДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев «Әзірбайжан темір жолдары» ЖАҚ басшысы Джавид Гурбановпен кездесті. Екіжақты келіссөздер барысында Транскаспий халықаралық көлік бағдары бойынша мультимодальдық тасымалдарды одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Сұлугүл БАКЕСОВА,  
Нұр-Сұлтан



Тараптар өткізу қабілетін арттыру және маршруттағы транзиттік уақытты қысқарту бойынша жұмысты күшейту қажеттігін атап өтті. Кездесу қорытындысы бойынша теміржол әкімшіліктерінің басшылары Логистика және бірлескен жобаларды іске асыру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

Атап айтар болсақ, 2021 жылы ТХКБ маршруты бойынша тасымалдау көлемі 586,2 мың тоннаны, ал контейнер тасымалы 25 270 ЖФЭ-ні құрады. 2022 жылғы қаңтар-наурызда аталған бағдар бойынша 266,3 мың тонна жүк тасымалданып, бұл көрсеткіш

2021 жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 123% артық болып отыр. Ал контейнерлік тасымал 5847 ЖФЭ құрады. Бұл бағытта да өсім бар екені байқалады, яғни өткен жылдың қаңтар-наурыз айларымен салыстырғанда 19% көп.

Еске сала кетсек, биыл екі ел Үкімет басшыларының телефон арқылы әңгімелесулерінде, ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайлов: «Әзірбайжан – Қазақстанның сенімді стратегиялық серіктесі. Екіжақты қатынастардың кең ауқымында біздің елдеріміз арасында сындарлы саяси диалог пен жемісті өзара іс-қимыл жолға қойылды. Біз

өзара тиімді сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге және тереңдетуге күш саламыз», – деп атап өткен болатын. Өткен жылы Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы тауар айналымы 332 млн АҚШ долларын құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда үш есеге өскен болатын.

Ал бес жыл бұрын Қазақстан Әзірбайжанға жүк жөнелту үшін Құрық портын ашты. Яғни бұған дейін транзиттік тасымал қолайсыз ауа-райымен ерекшеленетін және бұл жағдай жүкті қайта тиеу табыстылығына кері әсер ететін Ақтау порты арқылы іске асырылып келген еді. Ал Құрық

портының ашылуы Әзірбайжан үшін тиімді болды. «Жаңа кешен Ақтауға қарағанда Баку портына жақынырақ орналасқан. Мәселен, Құрықтан Бакуге дейін жолға кететін уақыт 18 сағат болса, Ақтаудан 22 сағатты құрайды. Құрық портын салу кезінде Әзірбайжан теңізшілері мен Баку халықаралық теңіз сауда портының тәжірибесі негізге алынды. Сондай-ақ, 2016 жылдың 7 желтоқсанында Құрықтан сынақ режимінде жіберілген алғашқы кеме Әзірбайжанның Шахдаг паромы болды», – деп жазды бұл туралы сол кездегі ақпарат құралдары. Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## ВЫРОСЛА ПЕРЕВАЛКА ГРУЗОВ

Перевалка грузов через паромный комплекс ТОО «Порт Курык» в первом квартале 2022 года выросла на 27% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.



За три месяца в порту Курык перевалено 265 тысяч тонн грузов. Для сравнения, с января по март 2021 года этот показатель составил 195 тысяч тонн.

В этом году объем перевалки грузов планируется увеличить минимум в пять раз. Компании уже выходят на переговоры с руководством ТОО «Порт Курык» для транспортировки товаров.

Сегодня порт Курык занимает лидирующие позиции в цепочке Транскаспийского международного транспортного маршрута.

Роман ЛЮБИМОВ  
Фото автора

## НОВЫЕ РЕШЕНИЯ ДЛЯ ПЕРЕВОЗОК

В КНР увеличивают объем грузовых железнодорожных перевозок по маршруту Китай – Европа через переход Достык – Алашанькоу.

Данный международный переход является важным звеном в развитии торгово-экономических связей между странами Европы и Азии. Как ранее сообщалось, железнодорожные коридоры в направлении Китая будут развиваться в соответствии с ростом транзита. В связи с этим новая стратегия позволит оптимизировать работу нескольких железнодорожных линий и добавить новые грузовые маршруты, следующие из крупных транспортно-логистических баз КНР, расположенных в провинции Сычуань и Гуйчжоу, мегаполисы Чунцин, Юго-Западного Китая, в направлении международного перехода Достык – Алашанькоу.

Ожидается, что новые линии грузовых поездов в направлении Китай – Европа укрепят доверие рынка и предоставят клиентам больше возможностей для доставки товаров благодаря более широкому охвату железных дорог по всей стране, – отмечает глава логистической компании из Шанхая Томми Тана.

В первом квартале 2022 года в общей сложности отправлено более 3,6 тысячи грузовых поездов и 350 тысяч контейнеров в двадцатифутовом эквиваленте, следовавших по международному железнодорожному маршруту Китай – Европа. Основную номенклатуру грузов составляют автозапчасти, электронная продукция и товары, продаваемые на платформах трансконтинентальной электронной коммерции. Айлин БАУРЖАН

## Бейнеконференция ТУРОПЕРОТОРЛАР СҰРАНЫСЫ ТЫҢДАЛДЫ

Елімізде коронавирус індетімен байланысты эпидемиал жақсарғандықтан биыл жаз маусымында Алакөл демалыс аймағына баратындар саны көбейгелі тұр. Осыған орай демалыс орнына жетуде теміржол көлігін пайдаланатындардың басым болатыны белгілі. Кеше «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен еншілес ұйымдары және қазақстандық туристік операторлар, жеке тасымалдаушылар, бірқатар облыс әкімдіктері мен министрліктер өкілдері бейнеконференция арқылы бас қосып, осы мәселені талқылады.

Райхан РАХМЕТОВА,  
Нұр-Сұлтан

Ұлттық компанияның басқарма төрағасының орынбасары Қанат Әлмағамбетов төрағалық еткен бейнеконференция барысында Алакөлге жетудегі мәселелер мен оның ҚТЖ тарапынан шешілу жолдары сөз болды.

– Маусым айының ортасына таман Алакөл демалыс аймағына баратындар саны күрт өсіп, теміржол көлігіне сұраныс артады. Осы бағытта біздің тарапымыздан қандай жұмыстар атқарылып жатқанына тоқталып өтейін. Биылғы жаз маусымына әзірге жоспарлап отырғанымыз – өткен жылы қолданыста болған 11 бағдарды

қалдыру, сұранысқа қарай әр құрамда 19 вагонға дейін болуын қарастырамыз. Ал егер сұраныс тым көбейер болса, тағы 1-2 пойыз шығаруы мүмкін. Өткен жылғы тәжірибе көрсеткендей, курортты маусымның бірінші кезеңінде Алакөл бағытына пойыздарда орын жетіспеушілігі туындаған. Ал тамыздан бастап, керісінше, Алакөлден бері қарай орын ташы болған. Сондықтан биылғы маусымға ертерек дайындық жүргізу үшін суаір айында бас қосуды жөн көрдік, ұсыныс-пікірлеріңізді тыңдап, сол бойынша жұмыстар жүргіземіз, – деді Қ.Әлмағамбетов.

Бейнеконференцияға қосылған туристік агенттіктер өкілдері Алакөлге баратын

пойыздардың сапасына, осы бағыттағы пойыздардың жүру кестесіне және тариф бағасына қатысты сұрақтары мен ұсыныстарын айтты.

– Әрине, бұл бағытта су жаңа вагондар болады деп уәде бермесек те, вагондарда жолаушылар жайлылығы үшін барлық жағдай жасалады, мәселен, ауа тартқыш желдету жүйесі заманауи түрмен ауыстырылады, басқа да сервистік қызметтер жақсартылады. «Тальго» пойыздарын іске қосуға қатысты ҚТЖ құрамдарды дайындауда, мамыр айында ол дайын болады. Ал оларды субсидиялауға қатысты Алматы облысы әкімдігінің шешімдері маңызды болып отыр, – деп қосты басқарма төрағасының орынбасары.

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

С НАЧАЛА ГОДА ОБЪЕМ ТРАНЗИТНЫХ КОНТЕЙНЕРНЫХ ПЕРЕВОЗОК ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН СОСТАВИЛ БОЛЕЕ

**260** тыс. доф

ЗА ПЕРИОД ЯНВАРЬ – МАРТ 2022 ГОДА ЭКСПОРТНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ ГРУЗОВ ЧЕРЕЗ ПОРТЫ КАСПИЯ ДОСТИГЛИ

**124** тыс. тонн

В КОСТАНАЙСКОМ РЕГИОНЕ С НАЧАЛА ГОДА ПОГРУЖЕНО

**133,5** тыс. тонн

ПРОДУКТОВ ПЕРЕМОЛА

## НАША БЕЗОПАСНОСТЬ В НАШИХ РУКАХ

Селекторное совещание Координационного совета по предупреждению несчастных случаев с посторонними гражданами на железнодорожном транспорте по итогам первого квартала 2022 года прошло в филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП».

СОВЕЩАНИЕ

Руслан РАХМЕТОВ,  
Кокшетау

В заседании Координационного совета приняли участие представители транспортной прокуратуры, инспекции транспортного контроля, ЛОВД, ЛУВД, ВЖД, руководители станций, эксплуатационных локомотивных и вагонных депо.

О состоянии травматизма с посторонними гражданами на станционных путях по итогам первого квартала выступил главный инженер филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Сайран Баржаксин. По его словам, с начала текущего года железнодорожники провели

246 профилактических бесед с населением. Более 5 730 человек прослушали информацию о правилах поведения вблизи железной дороги.

Анализ травматизма на железной дороге свидетельствует, что одной из главных причин является грубое нарушение людьми правил личной безопасности при нахождении на железнодорожных путях станций и перегонов. Как правило, они переходят железнодорожные пути в неустановленных местах, игнорируют предупреждающие знаки и не слышат информацию, передаваемую по громкоговорящей связи о приближающихся поездах, так как говорят по телефону или в наушниках слушают музыку.

В целях профилактики непроизвольного травматизма с начала года по Акмолинскому

отделению ГП проведено 103 беседы в учебных заведениях, охвачено 4 387 учащихся. Также железнодорожники провели 143 беседы с жителями отдельных пунктов с охватом 1 203 человек. Совместно с работниками линейных отделов полиции, воензированной охраны и причастными службами отделения ГП проведено 99 рейдов. Разъяснительная работа проведена со 147 гражданами.

Для эффективности проводимой работы с населением налажено сотрудничество со средствами массовой информации. Так, за первый квартал 2022 года опубликовано 9 статей в районных и городских газетах на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности», в социальной сети Instagram вы-

ложено 18 видеороликов, в школьных группах WhatsApp размещено 28 видеороликов и 50 памяток по предупреждению несчастных случаев на железнодорожных путях.

Кроме того, проводится работа по изучению международного опыта предотвращения фактов травматизма, где одним из основных путей решения является ограждение железнодорожных путей на перегонах и станциях. Так, главный инженер филиала АО «НК «КТЖ» – «Акмолинское отделение магистральной сети» Анатолий Абдрахманов отметил, что планируется строительство новой скотозгороди протяженностью 70 километров и ремонт существующей проволочной изгороди протяженностью 25,4 километра.

Также в течение первого квартала текущего года проведена работа по оборудованию станций Первая Целинная и Белогородка схемами оповещения о приближении поездов. Во втором квартале подобные работы планируется провести на станциях участка Саумалколь – Жана-Есиль – Пресногорьковская. Такие же системы до конца года будут включены на станциях Кайранкуль, Бауманская, Аксует, Сулы и Янко.

№27 (2742) 15/04/2022

## ЕҢБЕК ҚОРҒАУ КҮНІН АТАП ӨТЕДІ

Ұлан ОРАЗ,  
Нұр-Сұлтан



Бүкіләлемдік еңбек қорғау күніне орай «Қазкөліккәсіп» ҚБ Қазақстан темір жолының еңбек қорғау қызметімен бірге барлық өңірлерде семинарлар өткізуді жоспарлайды.

Жылда 28 сәуірде атап өтілетін бұл күннің басты тақырыбы – әлеуметтік диалог мәнін түсіндіріп, барлық мүдделі тараптарды еңбек қорғау мәдениетін қалыптастыруға жұмылдыру. «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасының орынбасары Жұпарбек Сәбитовтің айтуынша, даталы күнге орай өңірлерде, теміржолдың өндіріс орындарында аншлаптар ілініп, еңбек қорғау бойынша ең үздік техникалық инспекторлар атап өтіледі. Сонымен қатар өндірістік персоналға 2021-2022 жылдары болған қайғылы жағдайлар, жарақат алу себептері мен олардың алдын алу бойынша талдау жұмыстары таныстырылуы тиіс. Сондай-ақ, бұл күні теміржолшыларда жұмыс киімінің және жеке қорғаныш құралдарының бар-жоқтығы және санитарлық-тұрмыстық ғимараттар тексеріледі. «Еңбек қорғау бойынша үздік техникалық инспектор» 1 сәуірге дейін анықталып, Кәсіподақтың орталық кеңесі тарапынан марапатталады.

## ТҮРКІСТАНДА ҚАРБАЛАС ТІРЛІК

Жансая СЫДЫҚБАЙ,  
Шымкент



Төрт жыл бұрын облыс орталығына айналған Түркістанда бүгінде қарбалас тірлік. 2 парктер тұратын, 16 жолы бар 1 класты тегіміздік станция Қызылорда – Шымкент бөлімшелері арасындағы шекаралық бекет рөлін де атқарып тұр.



Түркістан – Қызылорда және Түркістан – Арыс бағытында тегіміздік немесе құрама пойыздар құрастырылатын станцияда жүзден астам теміржолшы еңбек етеді. Мекемеде барлық еңбек қорғау ережелері мен заңдылықтары қатаң қадағаланып, нормативтік талаптардың сақталуына бақылау жасалады. Жұмыс барысында қолданылатын құрал-саймандардың жарамдылығы, жеке қорғаныс құралдарының пайдаланылуы, арнайы киім-кешекпен қамтылуы, зиянды өндірістерді теміржолшыларға сүт өнімдерінің берілуі, ауысымалды медициналық тексеру үнемі бақылауда.

Түркістан станциясын көп жылдан бері тәжірибелі теміржолшы Қадыр Сырлыбеков басқарып келеді. Биылғы жылдың алғашқы үш айында станциядан 214 вагон жүк артылып, 2109 вагон жүк түсірілген. Жалпы вагоналалымы 2323 вагонды құраған. Осы үш айда Павлодарға 60-тан астам вагон қара металл сынықтары жөнелтілген. Қызылордаға оншақты вагон қиыршық тас, ал Ақтау портына екі вагон кебек жіберілген. Бұдан бөлек, Петропавлда күнбағыс майы, шитті мақта, Қарағандыға маргарин майы, Шымкентке ағаш материалдары, Кентаудан трансформатор зауытының жүктері артылған. 37 вагон «Қазтеміртранс» АҚ меншігіне тиесілі, қалғаны жекеменшік және жалға алынған вагондар.

Суретті түсірген автор

## Сұхбат

«ҚТЖ» ҰК» АҚ кірісін жүк тасымалы, оның ішінде транзиттік тасымал құрайтынын ескерсек, осы қозғалыс процесінің үздіксіз қамтамасыз етілуі теміржол инфрақұрылымына тікелей байланысты екені талас тудырмайды. Ұлттық компанияның өндірістік процестер жөніндегі басқарушы директоры Бауыржан Орынбасаровпен сұхбатымыз инфрақұрылымды дамыту, жүк тасымалы үдерісінің тиімділігін арттыру, т.б. мәселелер төңірегінде өрбіді.



## БІЗГЕ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРАТЫН ЖОБАЛАР АУАДАЙ ҚАЖЕТ

Сұлугүл БАКЕСОВА,  
Нұр-Сұлтан

– Бауыржан Пазылбекұлы, Қазақстан – транзиттік әлеуетті дамытуға мүдделі ел, әңгімеізді жүк тасымалынан бастасақ, өткен жылы жүк айналымы рекордтық көрсеткішке жеткенін жаздық ...

– Былтыр пайдаланымдағы жүк айналымы 239 млрд ткм нетто құрап, жоспардан да, алдыңғы жылғы көрсеткіштен де асыра орындалды. Бұл – расымен, бұрын-соңды қол жеткізбеген рекордтық көрсеткіш. Экспорттық тасымал жоспары Қытай тарапынан жүкті қабылдауға шектеу қою салдарынан орындалмады. Бұл еліміздің өндіруші және өңдеуші кәсіпорындары арасында ішкі тасымалдың және жекелеген жүк номенклатурасына сураныстың төмендеуіне әкелді. Есесіне, импорттық және транзиттік қатынастарда жоспар асыра орындалды. Ал Қазақстан мен Қытай арасындағы жүк тасымалы 20 млн тоннадан асқанымен, 2020 жыл деңгейінен 6% төмен болды. Көрсі елден жүкті қабылдауға мәселе туындаған жоқ, алайда, СУАР үкіметі тарапынан пандемияға байланысты қабылдаған қатаң шаралар мен Алашанькоу станциясында жүргізілген қайта құрылымдау жұмыстары салдарынан жүк тапсыру көлемінің төмендеген жайы бар. Қытаймен арадағы жалпы тасымал көлемі азайғанына қарамастан контейнер тасымалы 22% өсті.

– Жүктің басым бөлігі теміржол көлігімен тасымалданатын болғандықтан инфрақұрылымды жетілдіру мен жаңарту ешқашан маңыздылығын жоймаса керек?

– Әлбетте. Теміржолды дамыту әсіресе транзиттік бағыттарда айрықша жүргізілмек. 2025 жылға дейін Қазақстанды дамытудың ұлттық жоспарына сәйкес бірнеше жоба бар. Соның ішінде өткізу қабілеті шектеулі Достық – Мойынты транзиттік тегіміне басымдық беріліп отыр. Өткен жылы екінші жол салуға қатысты жобалық шешімдер өзгертіліп, оны

жүзеге асыру Үкімет тарапынан қолдау тапты. «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасына енгізіліп, жобаның қаржылық-экономикалық негіздемесі әзірленді. Достық станциясын дамытудың бас жоспары бекітіліп, техникалық-экономикалық негіздемесі жасалып, экологиялық және мемлекеттік сараптамадан өтіп жатыр. Өткен жылы жүргізілген ұйымдастыру және дайындық жұмыстары 2024 жылға дейін екінші жолды салу бойынша директивті мерзімді орындауға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, біздің тарапымыздан аталған тегімізді жаңғырту бойынша бірқатар шаралар қабылданды. Достық – рзд.19 аралығында 25 км екінші жол салынды, 48 км жолда күрделі жөндеу жүргізілді. Сондай-ақ, Балқаш станциясында жол дистанциясының өз күшімен 1650 м қосымша жол салынды.

Сонымен қатар ұзынқұрамды пойыздарды өткізуді қамтамасыз ету үшін жергілікті жол дистанцияларының күшімен Қызылорда бөлімшесінің 4 жекелеген пунктінде қабылдап-жөнелту жолдары ұзартылып, Алтынкөл станциясында екі жаңа жол салынды. Бұдан басқа Теректі, Түйемойнақ және 60-шы разьездерде бір жолдың құрылысы басталды. Атап өтерлігі, ұзынқұрамды пойыздардың өткізілімін қамтамасыз ету бағдарламасын 2024 жылға дейін жалғастыру көзделіп отыр.

– Жыл сайын жүргізілетін жоспарлы жөндеу жұмыстары да бар.

– Иә, жоспарлы жолжөндеу жұмыстары кестеге сай жүре береді. Мәселен, былтыр біз 1031 км жолға түрлі жөндеу жұмыстарын жүргіздік. 582 шақырым күрделі жөндеуден өтті, оның 310 км – транзиттік тегімілер. Жол машиналарымен 6 мың км жол сауықтырылып, кедір-бұдыры тегістелді. Былтыр бағыттауыш бұрмалардың 500-ден астам жиынтығын сатып алып, біразын ауыстырдық, биыл да жалғасуда. Осы жұмыстардың нәтижесінде жолаушылар пойыздарының қозғалыс жылдамдығы 774 км,

ал жүк және контейнерлік пойыздарда 542 және 1037 шақырымда артты. Жол күтіміне кететін шығындарды азайту мақсатында ресурсинақтаушы технологияларды, яғни қайта пайдалануға жарамды ескі материалдарды да пайдаланудамыз. Айталық, рельс дәнекерлеу кәсіпорындарында қайта өңделген ескі жарамды рельстер 123 км жолды жөндеу барысында қолданылды. Сонымен қатар 5 тегіміде түйіспесіз жолдың ұзындығы ұзартылды. Рельс түйіспелерін азайту нәтижесінде қозғалыстың жұмсақтығы артып және түзетіп, тегістеу жұмыстары толығымен жойылып отыр. Ал Қапшағай көпірінің құрылыс бригадасы 5 металл көпірде тоттануға қарсы жұмыстарды аяқтады, оның бірі Ертіс өзені арқылы өтетін ұзындығы 670 м көпір, онда 43 000 м<sup>2</sup> металл конструкциясы қайта сырланды. Бұдан бөлек, 2019 жылдан бері Қапшағай көпір жасағының күшімен 343 жасанды имаратта, соның ішінде, 172 көпірге ағымдық жұмыстар жүргізілді. Міне, осындай жұмыстар нәтижесінде 3,8 млрд теңге мөлшерінде экономикалық тиімділікке қол жеткізілді.

– Теміржолдың басқа қандай салалары осындай жаңарту-жаңғырту жұмыстарына әреу? Олардағы ахуал қандай?

– Инфрақұрылымдық жаңарту-жаңғырту шаруашылықтар қажет етеді. Мысалы, электрмен жабдықтау шаруашылығында 4237 км электрлендірілген тегімізді тоқпен қоректендіріп отырған 75 тартымдық қосалқы станция бар, соның 77%-ның қызмет ету мерзімі біткен. Осыған орай, соңғы үш жылда электротехникалық жабдықтарға элементтік жаңғырту – модернизациялау жүргізіліп келеді. 2021 жылы қатерлі тозу аймағында орналасқан 19 тартымдық қосалқы станцияда, оның ішінде, негізгі 7 тартымдық қосалқы станцияда күштік трансформаторлардың негізгі жабдықтары алмастырылды. Бұл қабылданған шаралар жалпы ұзындығы 684 км болатын транзиттік учаскелерді екіжақты сенімді тартымдық электрмен жабдықтауды қамтамасыз етті.

Екінші бір ерекше тоқталатын шаруашылық – бұл локомотив паркі. 2021 жылы локомотив паркіндегі жетіспеушілік 83 бірлікті құрады. Локомотивтер жетіспеушілігінен, бұзылып, сынып қатардан шығуы салдарынан былтыр тастанды пойыздардың да көп болғаны жасырын емес. Осы мәселеге қатысты биыл локомотив паркінің сенімділігін арттыру шараларын жүзеге асыруды, жаңа локомотивтер сатып алуды жоспарлап отырмыз. «Самұрық-Қазына» қорымен локомотив паркінің тапшылығын жабу үшін локомотивтерді жалға алу немесе лизингке беру мәселесін келісу бағытында жұмыстар жүргізіп жатырмыз.

– Биылғы 2022 жылы алға қойылып отырған негізгі міндеттер қандай?

– Басты міндеттер, жоғарыда айтып өткенімдей, Ұлттық жобаға сәйкес «тар» учаскелерді кеңітіп, жоюға бағытталған, яғни инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру болмақ. Бізге транзиттің әлеуетін арттыратын жобалар ауадай қажет. Достық – Мойынты тегімінде екінші жолдарды салу, Жетіген – Қазыбек бек айналма теміржол желісінің құрылысы да биыл басталады. Дарбаза – Мақтаарал теміржол желісінің жобасы бойынша өзбек тарапымен келісу және ТЭН ұлттық жоспарынан отыр. Ұлттық жобаларды жүзеге асырудан бөлек, қолданыстағы және жаңа жекелеген пункттерді дамыту бағдарламасын да жалғастыру көзделіп отыр. Мәселен, Қызылжар – Жезқазған учаскесіндегі 3 разьезде жол салып бітіру және Жарық станциясында үш жолды ұзарту іске аспақ. Сонымен қатар, Жаңаарқа – Қызылжар – Жезқазған және Шұбаркөл тегімілерінде жекелеген станцияларда, Шұбаркөл – Арқалық тегімінде де 3 жекелеген пунктте жол салуға кірісеміз. Сондай-ақ, Арыс станциясында дөңесті қайта іске қосу және Шу станциясында 4 жол салуды қарастырып жатырмыз.

– Әңгімеізге рахмет!  
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## БІР ОРТАЛЫҚТАН БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІ



Ақтөбедегі «Пойыздар қозғалысын басқару» орталығының Маңғыстау бөлімшесі өнімді жұмыс істеп, табысын арттырып отыр. Диспетчерлер мұны цифрлық трансформация жобасының жетістігі дейді.

Ардақ ЕРУБАЕВА,  
Ақтөбе

Маңғыстау бөлімшесінде 2020 жылы 5498, 6 млн тонна/км жүк айналымы қамтамасыз етілген болса, 2021 жылы 6809 млн тонна/км жүк тасымалданған. Бір жылда миллиондап артып отырған жүк айналымы – диспетчерлік орталықты бір жерден басқару мүмкіндігіне ие болғаннан кейінгі жетістіктер.

Маңғыстау өңірінің аумағы Тас-сай, Құрық порты қосылғаннан кейін 1340 шақырымға жетті. Атырау, Ақтөбеде бөлек Өзбекстан және Түркіменстан мемлекеттерімен шектеседі және Қазақстанның теңіз қақпасы Ақтау мен Құрық порты да түбекте.

Ақтөбедегі «Пойыздар қозғалысын басқару» орталығының

Маңғыстау өңірі бойынша аға диспетчері Бауыржан Мырзабаев еңбек жолын 1997 жылы Маңғыстауда станция кезекшісі болып бастаған, Қазір осы Ақтөбедегі Пойыздар қозғалысын басқару орталығында Маңғыстау аумағындағы қозғалысты ұйымдастырып отыр. 25 жыл тәжірибесі бар үздік диспетчердің бірі.

– Қазіргі уақытта негізінен астық өнімдері тасымалданып жатыр. Ақмола, Қостанай бөлімшелерінен бізге астық жеткізіледі. Оны біз Ақтау порты арқылы Әзербайжан және Иранға тасымалдап жатырмыз. Түркіменстанға да тасымал бар. Бұдан бөлек металл және тұрмыстық бұйымдар тасымалы да аз емес, – дейді Бауыржан Мырзабаев. Теміржолшылар алдағы уақытта құбырмен тасымалданатын мұнай өнімдерінің

цистернаға көшірілуі мүмкін деген қауесет есіткен. «Маңғыстауда мұнай тасымалы теміржол арқылы ұйымдастырылса керемет жаңалық болады. Теміржол экономикасына аса үлкен серпін беріп, имиджге оң әсер етеді», – дейді ол.

Пойыздар қозғалысын басқару орталығына Маңғыстау өңірінен Бауыржан Мырзабаев бастаған 22 диспетчер Ақтөбеге 2020 жылдың қазан айында қоныс аударды. Барлық қызметкерлердің лауазымы сақталған. Отбасылық жағдайына байланысты екі адам кері қайтса, олардың орнына екі адам тағы Маңғыстаудан келіп жатыр. Жаңа жерге орналасып алған диспетчерлер әлеуметтік жағдайлары да келген уақыттан әлдеқайда жақсарғанын айтады. «Алғашқы кезде 200 мың теңгеге



жетер-жетпес айлық алдық. Қазір жаман емес. Екі жылдың ішінде жалақыны жақсы көтерді. Пойыз диспетчерлерінің алды 400 мың теңгенің үстінде жалақы алады. Жылда бес-он пайыз қосылғаннан бөлек биыл жыл басында жалақы 35 мыңға көтерілді», – дейді аға диспетчер.

Сонымен қатар, бұрын пойыз диспетчерлерінің еңбек демалысынан алынып тасталған алты күн қазір қайта қосылған. Соңғы уақыттары пойыз диспетчерлері

жыл сайын 34 күн ғана демалып келсе, қазір 40 күн еңбек демалысына шығады және зиянды еңбек жағдайы үшін жалақыларына 12 пайыз ақша қосылып отыр.

Диспетчерлердің әлеуметтік мәселелері де оңтайлы шешілді. Жалақыдан бөлек 2 жыл пәтер-ақысы төленеді. Алғашында 25 АЕК төленсе, кейін ол 40 АЕК-пен есептеліп, 130 мың теңгенің үстінде қаржы беріледі. Бұл көмек биылғы қараша айына дейін жалғасады.

– Жалпы орталықтандырылған басқарудың тиімді тұсы көп екеніне көз жеткіздік. Бұрын пойыздар жиі тоқтап қалатын. Бөлімшелерге бөлініп, әрқайсымыз өзімізге тартатынымыз рас. Ақтөбе өзіне болғанын қалайды, Атырау өзіне, Маңғыстау өзімізге тартамыз. Қазір ондай жоқ. Диспетчерлік орталық бір жерде болғаннан кейін бәріміздің илегеніміз бір терінің пұшағы демекші, пойызды тоқтатпауға бәріміз мүдделіміз. Мәселен, Маңғыстаудағы Бейнеу станциясы төрт бағытқа қызмет көрсетеді. Қазір қажеттілікке сай Ақтөбедегі тепловоздары оңай алып кетеміз. Тіпті, Қарағанды, Қызылорда тепловоздары жүреді. Ең бастысы, пойыз тоқтамау керек. Негізгі мақсат та осы болатын. Қауіпсіздікті сақтай отырып, пойыз қозғалысын тоқтатпауға тырысамыз, – дейді аға диспетчер.

Айтса айтқандай, бұрын бөлімшелер арасындағы пойыздардың уақытты алынып, екі бөлімшенің ортасында тұрып қалатыны жиі кездесе, бүгінде мүлде жойылған. Қозғалысты қашықтан басқару мүмкіндігіне қол жеткізген диспетчерлердің жұмысы жүйеленіп, цифрлы технологияның рахатына кенеліп отыр.

Суретті түсірген автор

## Кадровая политика



## ВРЕМЯ ВОЗМОЖНОСТЕЙ

**В АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» состоялась встреча с участниками Президентского молодежного кадрового резерва (ПМКР). На мероприятие, организованное ҚТЖ, собрались около 20 резервистов, представляющих оба потока набора.**

**Асель ШАЙХЫНОВА,**  
Нур-Султан

В своем приветствии председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Нурлан Сауранбаев обратил особое внимание на то, что компания придерживается принципа меритократии и качественно подходит к отбору кадров. Также он подчеркнул, что ҚТЖ высоко оценивает потенциал молодых людей, которые были отобраны в ПМКР.

Кроме того, он подробно ознакомил участников встречи с основными приоритетами политики национальной компании, уделит особое внимание ее роли в реализации экономической программы государства. Ведь в построение Нового Казахстана и реализацию реформ, озвученных в Послании Президента народу, особый вклад должны внести участники Президентского молодежного кадрового резерва.

Глава ҚТЖ высказал уверенность, что каждый из резервистов – эффективный лидер, показавший высокий уровень профессиональных компетенций, способность быстро адаптироваться к стремительно меняющимся условиям современного мира. И в компании рады использовать потенциал кадрового резерва. При этом в ҚТЖ считают, что независимо от занимаемой позиции, молодежь может вносить собственный вклад в процесс развития компании.

Во время встречи также отмечено, что у резервистов не должно быть завышенных ожиданий, стремления сразу занять руководящую должность. Ведь в железнодорожную специфику очень сложно вникнуть быстро, обязательно нужно знать все производ-

ственные процессы, понимать сложный механизм. Также нужно разбираться во всех трендах логистики, грузоперевозок, тенденциях контейнеризации и многом другом. Железная дорога не принимает случайных людей, а только настоящих профессионалов, стремящихся к постоянному развитию и обладающих надлежащими компетенциями, знаниями. При этом знания и компетенции должны стоять на порядок выше амбиций.

Перед участниками ПМКР выступили с презентациями заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Ануар Ахметжанов, заместитель директора филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция автоматизации и цифровизации» Диас Кадыров, заместитель директора филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция автоматизации и цифровизации» Айбек Жупанхан, директор департамента стратегии и устойчивого развития АО «НК «ҚТЖ» Руслан Мужиков и директор филиала «Центр трансформации бизнеса» Серик Кандыкбаев.

Они ознакомили участников Президентского молодежного кадрового резерва с такими темами, как «Стратегия развития информационных технологий ҚТЖ на 2022-2026 годы», «Модернизация информационных систем ҚТЖ», «Модернизация IT-инфраструктуры», «Задачи по аналитической работе проектного офиса ҚТЖ».

В свою очередь кадровые резервисты выступили со своими предложениями по развитию железнодорожной сферы, задали интересные вопросы руководителям компании и получили на них исчерпывающие ответы, а также презентовали свои проекты.

Мероприятие прошло в формате активного диалога и обмена мнениями по всем направлениям деятельности компании. Большая часть встречи была отдана под формат «открытый микрофон» – каждый участник встречи мог поделиться мыслями и идеями. Было предложено проводить аналогичные встречи на постоянной основе, где молодые и перспективные смогут обсуждать проекты и делиться своим видением.

Напомним, первый отбор в резерв прошел в 2019 году, по его итогам в этот «президентский пул» вошли 300 человек. Второй состоялся в 2021 году – в резерв были включены еще 50 человек. Все эти молодые люди – с превосходным образованием и современными компетенциями в самых разных областях, неравнодушные и желающие работать на благо страны. Часть из них уже получила назначения по линии Президентского молодежного кадрового резерва и приступила к работе. К слову, четверо из них – представители АО «НК «ҚТЖ». Это главный менеджер функционального направления по стратегии и методологии Дирекции автоматизации и цифровизации Гүлнур Есенбекова, директор департамента по развитию телекоммуникаций и связи Алибек Черияздан, генеральный директор ТОО «Порт Қурық» Серик Ахметов и корпоративный секретарь Мурат Торегельдин.

В целом, в компании треть всех сотрудников, более 30 тысяч человек – это молодежь до 35 лет. Многие из них уверенно двигаются по карьерной лестнице, постоянно развивая свои компетенции, участвуя во всех проектах трансформации ҚТЖ.

Фото Александра ЖАБЧУКА

## БОЛЬШЕ ГРУЗОВ В КОНТЕЙНЕРАХ



**В филиале ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» контейнерные перевозки растут опережающими темпами. По сравнению с мартом 2021 года объем погрузки грузов в контейнерах вырос в четыре раза.**

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай

За март текущего года Костанайским отделением грузовых перевозок отправлено 14 организованных маршрутов.

Как сообщил заместитель начальника отдела логистики Костанайского отделения грузовых перевозок Кенес Дюсекеев, данными 14 маршрутами в 797 контейнерах погружено 497 фитинговых платформ (23 791 тонна). В том числе по номенкла-



туре грузов: асбеста по станции Житикара грузоотправителем АО «Костанайские Минералы» отправлено 25 платформ, зерновых культур – 164, продуктов перемолы – 308. Часть данных

грузов также отправилась направлением на Достық, часть – по внутриреспубликанским маршрутам.

По сравнению с аналогичным периодом прошлого года объем перевозки грузов увеличился на 617 контейнеров, или на 343%. Так, за март 2021 года погружено 139 фитинговых платформ (5 365 тонн) в 180 контейнерах, которые сформировали четыре организованных маршрута.

– Одним из плюсов контейнерных перевозок – сокращение сроков доставки. Кроме того они экономичны и выгодны. Для грузоотправителей контейнеры могут стать временным хранилищем товаров на территории железнодорожной станции. Нет необходимости в складских услугах, – отметил Кенес Дюсекеев.

Фото автора

## ВЫЯВЛЯЯ НЕДОЧЕТЫ



**С 10 апреля на всех железнодорожных предприятиях Карагандинского региона стартовал весенний комиссионный осмотр.**

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

– После долгой зимы запланировано обследование стрелочного хозяйства, устройств СЦБ, связи и электроснабжения станций и перегонов, – рассказал директор филиала ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Марлен Кокрекбаев. – Очень важно определить текущее состояние и выявить отклонения в содержании инфраструктуры, производственно-технических объектов, вокзалов, а также осуществить

проверку состояния безопасности движения и охраны труда.

Кроме того, планируется осмотр технических средств, инвентаря, оборудования, материалов и запасных частей, проверка выполнения нормативов личного участия руководителями, уровня профессиональной подготовки работников, организации технической учебы, укомплектованности штата на выполняемый объем работ, проверка соответствия хозяйств требованиям ПТЭ и соблюдения технологических процессов. Всего в период проведения ВКО будет



подготовлено к эксплуатации около 350 зданий, 75 единиц техники, более 230 единиц автотранспорта, осуществлена проверка готовности к эксплуатации 128 котельных и 4,31 километра теплотрасс.

Фото автора

## ПЛОЩАДКА ДЛЯ РЕШЕНИЙ

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы



СОТРУДНИЧЕСТВО

**«Обсуждение содержания рабочих учебных программ по железнодорожным специальностям и совместное принятие решений по внесению изменений и дополнений в образовательные программы» – тема «круглого стола», прошедшего в Алматыском колледже железнодорожного транспорта.**



В мероприятии приняли участие руководители Алматинского отделения грузовых перевозок и Алматинского отделения магистральной сети. В частности, речь шла о внедрении инноваций в процесс обучения. Ведь основная задача коллектива преподавателей учебного заведения – помочь выпускнику в полном объеме овладеть теорией и практикой.

– Умение и навыки формируются в ходе выполнения учащимися соответствующих расчетов, анализа, что помогает закреплять полученные теоретические знания. А для этого необходима связь с производством, – отметил директор колледжа Алмас Калиев.

В ходе дискуссии стороны пришли к решению включить в программу обучения по предмету «автоматизированные станционные системы железнодорожного транспорта» изучение работы автоматизированной системы диспетчерской централизации, а также автоматизацию оборудования тяговых подстанций по предмету «электрические подстанции». Также участники предложили внести изменения в образовательный процесс по предметам «организация грузовой и коммерческой работы» и «организация перевозок и управления движением железнодорожного транспорта».

Не осталась в стороне и вопрос сотрудничества с АО «НК «ҚТЖ» и железнодорожными предприятиями. Отмечена необходимость активизировать совместную работу по организации производственного дuality обучения. Для закрепления пройденного теоретического материала в колледже имеются лаборатории, оснащенные оборудованием, отвечающим современным требованиям.

Участники встречи отметили, что данное мероприятие – интересная площадка для обмена опытом и принятия совместных решений.

Фото автора

## ОГОНЬ НА СКЛАДЕ НЕФТЕПРОДУКТОВ

**Ольга УШАКОВА,**  
Оскемен



УЧЕНИЯ

**Пожарный поезд АО «НК «ҚТЖ» задействовали в учениях спасателей на складе нефтепродуктов. По легенде, в результате взрыва резервуара произошел пожар. Площадь, охваченная огнем, составила ориентировочно 100 квадратных метров.**



Пожару на объекте хранения нефтепродуктов с момента поступления сигнала автоматическим присваивается повышенный ранг сложности. В первые минуты происшествия от слаженных действий руководства такого объекта, сотрудников службы ЧС, привлеченных сил и средств зависит очень многое.

В ходе учений после поступления тревожного сигнала незамедлительно на место происшествия прибыли сотрудники пожаротушения ДЧС ВКО. Они, в первую очередь, подали стволы на охлаждение горящего резервуара, а затем защитили от распространения пламени соседние емкости.

Пожарный поезд, который прибыл к месту условного пожара с запасом воды 100 тонн, пенообразователем, также активно задействовали в учениях.

В условном тушении огня на складе нефтепродуктов также участвовали 15 человек личного состава пожарного поезда, рассказали в этой организации. Запасов воды и пенообразователя хватило на то, чтобы оперативно тушить такие загорания.

Как считают сотрудники областного департамента по чрезвычайным ситуациям, в результате грамотной организации аварийно-спасательных работ и слаженному взаимодействию всех участников учений поставленные задачи по тушению пожара были выполнены. Всего в учениях задействованы, помимо пожарного поезда, 55 человек личного состава и восемь единиц техники.

Фото предоставлено ДЧС ВКО

№27 (2742) 15/04/2022

## АЙЗЕКТИҢ АРМАНЫ



«Болашақ» бағдарламасының тағы бір түлегі теміржолда жемісті еңбек етіп жүр. Ол – «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы» филиалы директорының орынбасары Айзек Жұпанхан.

**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Нұр-Сұлтан

Отыз екі жастағы Айзек 2008-2013 жылдар аралығында Джордж Вашингтон университетінде электроника/электр технологиясы мамандығына оқыған. Еңбек жолын Назарбаев университетінде бастаған. Ал Қазақстан темір жолында 2019 жылдан бері еңбек етіп келеді. Қазір ол инфрақұрылымды дамыту блогын басқарады.

– Нақтырақ айтқанда, телекоммуникация және байланыстың, серверлік инфрақұрылымның дамуына жауап беремін. Бүгінгі таңда цифрландыру саласы қарқынды дамып жатыр. Біздің АСОУП, АСИОММ, АСУ ДКР сияқты негізгі ақпараттық жүйелеріміз жаңғыртуды қажет етеді және сапалы инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үшін желілер мен есептеу ресурсын жетілдіру қажет. Сонымен қатар бізде қазір АСУ ЭДТ, АСУ Магистраль

жүйелері бар, ал Ttr Optimizer жүйесі әлі енгізіліп жатыр, – дейді өзінің бүгінгі жұмысымен таныстырған Айзек.

Оның айтуынша, филиал қазіргі уақытта аталған жүйелерді одан әрі дамыту бағытында жұмыс жүргізеді, себебі олардың әлеуетін толық пайдаланып жатқан жоқ. Мәселен, локомотивтерді қадағалауға арналған GPS модулі есебімен олар жолаушылар пойыздарын қадағалау сервисін енгізуді жоспарлап отыр, яғни құрамның нақты келу және кету уақытын бақылайды.

– Жалпы алғанда «Болашақ» бағдарламасы менің алдымнан үлкен мүмкіндіктер ашты. АҚШ-та өткізген бес жылда мен тек кәсіби білім алып қана қоймай, сонымен бірге тиімді жұмыс жүргізуге қажет басқа да машықтарды меңгердім. Ал ҚТЖ-да командамен бірге еңбек өнімділігін арттыру және шығындарды оңқырту бағытында қызмет етуге жұмылып, сол салада тәжірибе жинақтап



жатырмын, – дейді ол.

Серверлік инфрақұрылымды дамытуға байланысты Айзектің алға қойған арман-мақсаты аз емес. Бүгінгі таңда оның командасы қолға алып отырған жоба – компанияның ішкі және сыртқы, яғни батыс Қытай-батыс Еуропа бағытында транзиттік жүк жіберетін клиенттер үшін жүктерді қадағалау сервисін жасап шығару. Қос құрылықтың арасында өсіп келе жатқан контейнер тасымалды сапалы сервиспен қамтамасыз етуді басқа емес, Қазақстан темір жолы ұсынса деп армандайды.

*Суретті түсірген автор*

**Всемирный день здоровья сотрудников Карагандинского отделения грузовых перевозок отметили производственной зарядкой.**

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

Мероприятие прошло под руководством инструктора по спорту Тагата Айманбетова, а инициатива исходила от персонала отделения и профсоюзного комитета. Для проведения разминки была отведена специальная площадка, на которой уместилось достаточно большое количество сотрудников из различных железнодорожных структур.

По словам Тагата Айманбетова, необходимый комплекс упражнений придаст прилив бодрости и хорошее настроение на весь трудовой день.

– Зарядки на предприятиях должны быть ежедневными, и если их выполнять, то можно всегда оставаться в отличной физической форме, сохранять здоровье

## НА ЗАРЯДКУ СТАНОВИСЬ!



и работоспособность, – считает он.

После зарядки все участники получили по яблоку, символизирующему здоровое питание, так как, по мнению ученых, съедая один сладкий плод в день можно обеспечить организму полный комплекс витаминов.

Аналогичного мнения касательно здорового образа жизни придерживается и директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Марлен Кокрекбаев.

– Здоровье – это не только отсутствие болезней, но и физическое, и душевное состояние. Я советую всем заниматься спортом и правильно питаться. Если следовать этим советам, то можно прожить долгую и счастливую жизнь, – говорит он.

*Фото автора*

## ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ ҚАЖЕТ



Жуырда Аягөз локомотив пайдалану депосында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша ақпараттық-насихаттық топ өкілдерінің теміржолшылармен кездесуі өтті.



**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Жиынға депо қызметкерлері, машинистер қауымы мол жиналы, ақпараттық топ жетекшісі Ерлан Досымұлы мен Аягөз қалалық мешітінің наиб имамы Дәулет Қинаятұлының бабалардан жеткен дәстүрлі дініміздің асыл құндылықтары жайлы өңгімесін тыңдады. Олар жиналғандарды деструктивті топтардың жымсық іс-әрекетінен хабардар етіп, арандатушы діни радикалды идеялар шырмауынан сақтануға шақырды.

Жалпы, бүгінгі күндері ел шығысы бойынша діни ахуал қалыпты болғанымен, Аягөз өңіріндегі жағдай ерекше назарда. Оған себеп те жоқ емес. Соңғы жылдары өңірде дін атын жамылғы арасқан топ өкілдері құқық қорғаушылар құрығына жиі ілініп жүр. Астыртын түрде есірткі саудасымен айналысатын мұндай

«діндарлардың» барлығы жастар екен. Сондықтан, діни сауаттылық қажет. Бір қуантарлығы, олардың арасында теміржолшылар жоқ. Әйтсе де, тез еліктегіш жас буынның шалыс басуына көпшілік болып жол бермей, оларды арандатудан сақтандыруды естен шығармаған жөн. Бұл орайда ақпараттық топ мүшелері зайырлы қоғам ұстанымдарына арқа сүйей отырып, дін мен дәстүрге тең мән беру керектігін, конфессияаралық келісім мәселелерінің ұдайы сақталуы қажеттігін де сөз етті.

Мазмұнды да тартымды өткен жиын локомотившілердің де көңілінен шыққаны анық, олар да кезегімен сөз алып, көкейде жүрген сауалдарын қойды. Тақырып аясында өзіндік ой-пікірлерін де білдірді. Осындай танымдық-тағалымдық мәні зор кездесулерді жиі өткізіп тұру керектігін де айтып өтіп, ақпараттық топ мүшелеріне алғыстарын білдірді.

*Суретті түсірген автор*

## ЧИСТО ТАМ, ГДЕ НЕ СОРЯТ



Несколько десятков работников предприятия Восточно-Казахстанского региона и профсоюзные активисты вышли на субботник. Они убрали парк железнодорожников, район привокзальной площади микрорайона «Защита».

**Ольга УШАКОВА,**  
Оскемен

Железнодорожники пришли к месту сбора, захватив грабли, веники, метлы, мешки, перчатки. День был солнечным, настроение – отличным. В течение нескольких часов они убрали территории от мусора, дорожки парка – от прошлогодних листьев.

Работники Защитинской дистанции сигнализации и связи стали самыми активными участниками субботника. Их было 44 человека, в том числе первые руководители

предприятия. – От нас пришли представители различных подразделений, включая инженерно-технический персонал, АУР, местные цеха – КИП связи, КИП радио, связисты-линейщики, работники СЦБ, – рассказал главный инженер Защитинской дистанции сигнализации и связи Айдар Ботаканов.

Накануне заместитель Семейского отделения магистральной сети Алибек Шуманов, представитель Центрального



*Фото автора*

совета ОО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева издали совместное распоряжение, согласно которому железнодорожники с 9 апреля по 18 июня принимают участие в двухмесячнике по озеленению, санитарной очистке города, территорий предприятий, станций структурных подразделений Восточно-Казахстанского региона. Кстати, аким Оскемена Жаксылық Омар издал постановление о проведении субботников на территории города.



В рубрике «Рука помощи» мы призываем оказать сильную поддержку коллегам-железнодорожникам, их детям и близким родственникам, а также ветеранам магистралей, оказавшимся в трудной жизненной ситуации.

Девятилетней дочери водителя автомобильного крана Атбасарской дистанции пути филиала АО «НК «КТЖ» – «Акмолинское отделение магистральной сети» Касымбека Байжанова поставлен страшный диагноз – «нейробластома забрюшинного пространства с поражением костного мозга».

По заключению мультидисциплинарного консилиума от 25.03.2021 года, единственным методом лечения химиорезистентных форм нейробластомы на сегодняшний день является иммунная терапия. Маленькой

Амире необходимо провести минимум пять курсов, один из которых состоит из четырех флаконов Динутуксимаба Бета (Карзиба). Цена одного флакона в Казахстане – 6 947 190 тенге. Таким образом, на один курс лечения семье необходимо 27 788 760 тенге.

Благодаря помощи работников АО «НК «КТЖ» и неравнодушных людей Амира является единственным ребенком в Казахстане, которой было проведено два курса иммунной терапии из минимальных пяти,

которые не должны прерываться. Сейчас семья Касымбека Байжанова находится в крайне тяжелом положении, так как денег на третий курс у семьи нет. Призываем вас не оставаться в стороне и в священный месяц Рамадан подарить маленькой Амире надежду, что ее жизнь, которую она так любит и борется за нее уже шесть лет, будет долгой и счастливой.

**Реквизиты мамы Амира (Альжанова Мария Алишеровна):**  
Kaspi 4400 4301 1482 5638;  
Halyk bank 4405 6397 2922 2628;  
Jusan Bank 5356 5020 1262 0302.  
**Для юридических лиц:**  
KZ 676015223000005256 или по номеру телефона 8 702 553 78 85.

**КАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ**

Бас редактор  
**Дина Муздубаева**

Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

**КАЗКӨЛІККӘСІП**

**Газет басылатын қалалар:**  
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 20 000**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынбай, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Кезекші редакторлар:**  
Р. Рахметов, Р. Рахметова

**Меншікті тілшілер:**

**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Шымкент:** Жаная Сыдықбай 8-707-390-17-18  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Қарағанды:** Светлана Могой 8-777-893-66-76  
**Қостанай:** Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-747-535-21-58  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубайбаева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:  
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.  
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**  
**Асель Распаева,**  
тел.: 8 775 198 15 61,  
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.